



## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге (2023 жылғы 25 мамырдағы № 48 хаттама) сәйкес бір жай акцияға 25,38 теңге мөлшерінде 2022 жыл қызметінің қорытындылары бойынша Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LEOS4) бойынша дивидендтер төлеу аяқталғаны туралы хабарлайды.

2023 жылғы 31 мамырдың сағат 00:00 жағдайы бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізіміне сай төленуі тиіс Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер сомасы 276 851 990 363,76 теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша 78 790 091 277,60 теңгені құрады.

Банктен немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде дивидендтер төлеу үшін өзекті деректемелері бар Банк акционерлеріне нақты төленген дивидендтер сомасы 2023 жылғы 6 маусымнан бастап (дивидендтерді төлеу басталған күн) 2023 жылғы 23 тамызды қоса алғанда, 276 137 966 600,64 теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша – 78 790 091 277,60 теңгені құрады.

Акционерлердің өзекті деректемелерінің болмауына байланысты есептелген, бірақ төленбеген, жалпы сомасы 714 023 763,12 теңгеге дивидендтерді Банк 2023 жылғы 29 тамызда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-та (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ашылған шотқа аударды.

Сонымен Банк акционерлері Банк есептеген, бірақ Банктің жай акциялары бойынша алынбаған дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге келесі мекенжайлар бойынша:

050040/A15P5B5, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8 үй, 163-тұрғын емес үй-жай (байланыс телефоны: 8 (727) 355 47 60, 262 08 46);

немесе қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Орталық депозитарийге трансфер-агент қызметін көрсететін «Қазпошта» АҚ кеңселеріне өтініш білдіру қажет.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері жөнінде қосымша ақпарат алу үшін акционерлер Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің +7 727 330 12 07, +7 727 244 76 94, +7 727 259 03 04, + 7 727 330 15 46, +7 727 259 05 99 байланыс телефондары бойынша өтініш білдіру қажет.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ